

«Келісілді»: 
«Мұғалжар аудандық білім бөлімі»
әдістемелік кабинеті МККК
әдіскері: Г.Қ. Нұрмағанбетова
«__» ____ 2024 жыл



«Бекітемін»
ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы
менгерушісі: Лукошенко О.А. 
«31» 08 2024 жыл



**«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» вариативтік бөлімі: ұсақ-қол моторикасын
дамытамыз**

(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: «Құлыншақ» ортаңғы топ

Тәрбиеші: Қонысбаева А.Қ

2024-2025 оқу жылы

«Бақытты бала» балабақшасы ЖШС
Тәрбиешісі: Қонысбаева А.Қ
«Біртұтас тәрбие» вариативтік бөліміне

Пікір

Ұсақ саусақ моторикасын дамытатын ойындар мен жаттығулар өте көп. Олар шартты түрде топтарға бөлінеді. Қол, қолдың білезік және саусақтарының қозғалысының дамуына оң әсер ететін заттық ойындар, яғни ойыншықтармен, кез-келген заттармен өткізіледі. «Мозайкалар», «конструкторлар» – аталған материалдар саусақтардың белсенді қозғалысына әсер етеді. Мозайкада ұсақ бөліктерден толық сурет құрап шығару мақсаты тұрады. Ойын барысында бала бөлшектермен қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.

Моншактармен ойын: екі қолдың да бағдарлауын арттырады. Балаға тізуге арналған бау және әр түрлі теңдіктегі, әр түрлі диаметрлі моншактар беріледі. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

Баулармен ойындар, шаш өру – сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игеруіне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босансытады.

Сурет салу – барлық балалар жақсы көретін, әрі пайдалы ісі. Қарындаш, қылқаламмен парақта, қатты қағазда сурет салу қатып қалған қағида емес. Қарда, құмда, терлеген терезе бетіне, асфальтта сурет салуға болады. Алақанмен, мақталы таяқшалармен, көкөністер бастырмаларымен және т.б. әдістермен, яғни бейнелеудің дәстүрлі емес техникалары арқылы сурет салу өте пайдалы, әрі қызықты. Балаға әр түрлі пішіндерді тік сызықпен салуға, суреттің үзік сызық бойымен жүргізу, үлгімен сурет салу, суреттің аяқталмаған екінші бөлігін салу – шығармашылық қабілетті, есте сақтау қабілетін, түсті қабылдауды дамытады.

Ермексаз баланы жалпы дамытатын әр түрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Балалар ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез-келген уақытта ермексазды бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады. Ұсақ саусақ моторикасының дамытады, агрессияны басады, шығармашылық қабілетін, тілін дамытады, қолдың бұлшықеттерін бекітеді. Өте пайдалы құрал.

Қағазбен жұмыс. Жай қағаз үлкен мүмкіндіктерге ие. Қағазды кішкентай бөлшектерге жыртып, бөлшектерден сурет салуға болады. Қағазды умаждап, допқа айналдыруға болады, қағазды қыркуға болады. Оригами өнерінің пайдасы ұшаң теңіз.

Асық ойыны - баланың жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйластыққа тәрбиелеген. Бұл ойын ертеден мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздың қолданысында келе жатқан көне ойын түрі. Ендеше көнеден келе жатқан ұлттық ойынның бүгінгі таңдағы өрісі қандай, асық ойындарының түрлері жайында аз-кем сөз етіп көрсек. Ерте де ата-

бабаларымыз асық ойынын балаларына жас кезінен бастап үйрете бастаған. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Асық ойыны ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа, сергектікке баулиды.

«Бала қабілеті мен дарындылығы – саусақ ұштарынан бастау алады. Саусақтардан басталатын нәзік салалар – шығармашылық ойларды нәрлендіретін қайнар көз» В.А. Сухомлинский десе, «Қол – құралдардың құралы» Аристотель, ал «Қол адамның сыртқы миы іспеттес» И. Кант. Жоғарыдағы ғалымдардың айтқан сөздері осыған дәлел болмақ.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге не шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» –ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толықканды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Әдіскер: Ж.С.Давлеткалиева

Түсінік хат

ҚР Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен мен толықтырылулармен, Қазақстан Республикасы Білім және министрінің атқарушының ғылым міндетін 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына негізделіп ортаңғы топтарға 1 сағат вариативтік бөлімді жүзеге асыру бағытында 1 сағаты «Біртұтас тәрбие» атты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру жағдайында «Барлығына қолжетімді сапалы білім» бағдарламасы (2023-2027 жж) мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспарланды.

Мақсаты: Балаға саусақ қол моторикасын пайдалана отырып есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Міндеті: Жеке тәжірибелеріне сүйіне отырып, өз ойын еркін жеткізе білу.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұғымдарды қалыптастыруға білімді меңгеруіне көмектеседі. Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады
- Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арт

Ортаңғы топтарға арналған
(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)
«Біртұтас тәрбие» вариативтік бөлімі

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Айы
1	Пазлдар жинау	Балалар түрлі-түсті немесе күрделі пазлдарды құрастырып, саусақтарын жаттықтырады.	1	Қыркүйек
2	Түймелерді тағу және шену	Киімдегі түймелерді шешіп, қайта тағу дағдылары саусақ қимылдарын дамытады.	1	
3	Сазбен жұмыс жасау (пластилин)	Сазды илеп, әртүрлі мүсіндер жасап, балалардың саусақ бұлшықеттері жетіледі.	1	
4	Сурет салу және бояу	Бояу кітаптарын пайдаланып, түрлі-түсті қарындаштармен сурет салу балаға өз ойларын жүзеге асыруға және қол қимылдарын жаттықтыруға мүмкіндік береді.	1	
5	Қайшымен қағаз қию	Балалар қайшымен қағазды әртүрлі пішіндерге қия отырып, дәлдік пен ұқыптылықты үйренеді.	1	Қазан
6	Бисер немесе моншақтарды тізу	Ұсақ заттарды бір жіпке тізіп, балалардың қолдары жаттығып, шыдамдылық пен зейінділікке үйренеді.	1	
7	Асықты іліп алып, түстерді тап ойыны	Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады.	1	
8	Оюды құрастыр	Балалардың ою-өрнек элементтерін танып білуіне және олардың қайталану үлгілерін құрастыруына көмектесу.	1	
9	Оюды таны	Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету.	1	Қараша
10	Өз оюыңды жаса	Балалардың қиялын дамыту және ұлттық элементтерді қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.	1	
11	Ою-өрнекпен бояу	Балалардың назарын дамыту, түстер мен элементтерді сәйкестендіру.	1	
12	Оюларды	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	

Ортаңғы топтарға арналған
(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)
«Біртұтас тәрбие» вариативтік бөлімі

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Айы
1	Пазлдар жинау	Балалар түрлі-түсті немесе күрделі пазлдарды құрастырып, саусақтарын жаттықтырады.	1	Қыркүйек
2	Түймелерді тағу және шену	Киімдегі түймелерді шешіп, қайта тағу дағдылары саусақ қимылдарын дамытады.	1	
3	Сазбен жұмыс жасау (пластилин)	Сазды илеп, әртүрлі мүсіндер жасап, балалардың саусақ бұлшықеттері жетіледі.	1	
4	Сурет салу және бояу	Бояу кітаптарын пайдаланып, түрлі-түсті қарындаштармен сурет салу балаға өз ойларын жүзеге асыруға және қол қимылдарын жаттықтыруға мүмкіндік береді.	1	
5	Қайшымен қағаз кию	Балалар қайшымен қағазды әртүрлі пішіндерге қия отырып, дәлдік пен ұқыптылықты үйренеді.	1	Қазан
6	Бисер немесе моншақтарды тізу	Ұсақ заттарды бір жіпке тізіп, балалардың қолдары жаттығып, шыдамдылық пен зейінділікке үйренеді.	1	
7	Асықты іліп алып, түстерді тап ойыны	Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады.	1	
8	Оюды құрастыр	Балалардың ою-өрнек элементтерін танып білуіне және олардың қайталану үлгілерін құрастыруына көмектесу.	1	
9	Оюды таны	Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету.	1	Қараша
10	Өз оюынды жаса	Балалардың қиялын дамыту және ұлттық элементтерді қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.	1	
11	Ою-өрнекпен бояу	Балалардың назарын дамыту, түстер мен элементтерді сәйкестендіру.	1	
12	Оюларды	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	1	

	сәйкестендір			
13	"Шаш өру" ойыны	Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену.	1	Желтоқсан
14	"Қамшы өру" ойыны	Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру.	1	
15	"Киіз басу" ойыны	Балаларға қазақ халқының киіз басу дәстүрін таныстыру. - Ұсақ моториканы, шыдамдылықты және ұжымдық жұмысты дамыту. - Шығармашылық және эстетикалық қабілеттерін арттыру.	1	
16	"Жіппен тоқу" ойыны	- Балалардың ұсақ моторикасын және зейінін дамыту. - Жіппен тоқудың қарапайым әдістерін үйрету. - Шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және қазақ халқының қолөнерімен таныстыру.	1	
17	Алшы ойыны	Ойынның ең танымал түрі. Ойыншылар белгілі бір қашықтықтан кезекпен асық атады. Асық түскен жағына қарай ұпай беріледі: асық "алшы" түссе, ең жоғары ұпай беріледі, ал "тәйке", "бүк", "шік" түскен жағдайда ұпай азаяды.	1	Қаңтар
18	Хан (хан ату)	Бұл ойында арнайы таңдалған бір асық "хан" деп аталады. Ойыншылардың мақсаты — алшадан асықтарды ата отырып, соңында "ханды" құлату.	1	
19	Омпы	Асықты белгілі бір биіктіктен лақтырып, оның тік тұрған күйінде түсуін мақсат етеді. Егер асық "омпы" түссе, ойыншы ұтысқа не болады.	1	
20	Шеңбер	Жерге шеңбер сызылады, оның ішіне асықтар қойылады. Ойыншылар шеңбер сыртынан асықтарды атады, шеңберден шыққан асықтар ойыншының еншісіне түседі. Шеңберден шықпай қалған асықтар қайта орнына қойылады.	1	

21	Тас қала	Бұл ойында асықтарды белгілі бір биіктікке қалап, алыстан атып түсіру қажет. Кім асықты көп құлатса, сол жеңеді	1	Ақпан
22	Қақпақыл	Қолда бірнеше асықты көтеріп, оларды ауаға лақтырып, қайта қағып алу ойыны. Ойыншы қанша асықты қатарынан қағып алса, сонша ұпай алады	1	
23	Қыз куу	Ойын қуанышты көңіл-күй мен жарыс рухын корсетеді.	1	
24	Қол күрес	Балалардың қол бұлшықеттерін нығайту, күш пен икемділікті арттыру.	1	
25	Теңге ілу	Қолдың шапшаңдығын, икемділігін және дәлдігін дамыту.	1	Наурыз
26	Асық ату	Қол мен саусақтардың үйлесімді жұмысын және дәлдікті дамыту.	1	
27	Оюды тап	Ою-өрнек элементтерін есте сақтау қабілетін дамыту	1	
28	Өзіңнің оюыңды жаса	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық элементтерді қолдана отырып, өз қиялымен ою жасауға үйрету.	1	
29	Оюды боя	Логикалық ойлау және сурет аяқтауды үйрену.	1	Сәуір
30	Оюлар эстафетасы	Балалардың қол моторикасын және командалық жұмыс дағдыларын дамыту.	1	
31	"Шаш қию" ойыны	Ұсақ моторикасын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Тәртіптілікке, тазалыққа және күтім мәдениетіне үйрету. Әртүрлі мәдениетке байланысты дәстүрлерді түсіндіру.	1	
32	Асық ату	Көзді дәлдеуі мен қол моторикасын дамыту.	1	
33	Асық жинау	Қол моторикасын және көзбен көру қабілетін дамыту.	1	Мамыр
34	Асықтан басып шығу	Физикалық белсенділігін және қозғалыс координациясын дамыту.	1	
35	Асық ойнау	Әртүрлі асық ойындарының негіздері мен ережелерін үйрету.	1	
36	Түсті әлем	Түстерді тану және бояумен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.	1	